

Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 257 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 1 наурыздағы
N 257 қаулысымен
бекітілген

Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленген және өндірістік мақсаттар үшін екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - Банктер (Банк) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың (бұдан әрі - Қарыз алушылар) айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер (бұдан әрі - Кредиттер (Кредит) бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау (бұдан әрі - Субсидиялау) тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Субсидиялау ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың дамуын қолдау шарасы болып табылады және Банктерге Қарыз алушылар Кредиттер бойынша сыйақы ретінде төлейтін төлемдер сомасын ішінара арзандату мақсатында жүзеге асырылады.

3. Субсидиялау 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 107 "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасы бойынша көзделген жалпы сомасы 830783000 (сегіз жүз отыз миллион жеті жүз сексен үш мың) теңге қаражат (бұдан әрі - Қаражат) есебінен жүзеге асырылады, соның ішінде :

1) 255000000 (екі жүз елу бес миллион) теңгеге дейінгісі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Бағдарлама әкімшісі) өткен жылғы бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерін өтеуге көзделеді;

2) кемінде 575783000 (бес жүз жетпіс бес миллион жеті жүз сексен үш мың) теңге осы Ереженің 5, 6 және 7-тармақтарында көзделген тәртіппен 2004 жылы Бағдарлама әкімшісі айқындайтын Банктер Кредиттер берген сәттен бастап есептелген сыйақы (мүдде) сомасын субсидиялауға бағытталады. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 845 қаулысымен .

2. Бағдарлама әкімшісінің өткен жылғы бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерін өтеу тәртібі

4. Бағдарлама әкімшісінің өткен жылғы бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерін өтеу 2003 жылы Банктермен жасалған субсидиялауға арналған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте 2004 жылы Банкке төлеуге жататын Субсидиялаудың жалпы сомасы 2003 жылы Бағдарлама әкімшісі белгілеген, Банкке төлеуге жататын Субсидиялаудың жылдық сомасы мен Банк 2003 жылға арналған республикалық бюджеттің қаражатынан алған Субсидиялаудың сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. 2004 жылы Бағдарлама әкімшісі айқындайтын банктердің сыйақы (мүдде) ставкаларын субсидиялау тәртібі

5. Бағдарлама әкімшісі Қарыз алушыларға Банктер беретін Кредиттер бойынша Субсидиялауға арналған Қаражатты мынадай:

- 1) ет өңдеу;
- 2) сүт өңдеу;
- 3) тері шикізатын және жүн өңдеу;
- 4) жеміс-жидектерді, көкөністерді өңдеу және жеміс-көкөніс консервілерін, балалар тағамдарын өндіру;
- 5) майлы дақылдарды өңдеу және өсімдік майын өндіру;
- 6) дәнді дақылдарды өңдеу ішкі салалары (лоттар) бойынша бөледі.

6. Бағдарлама әкімшісі Субсидиялауды жүзеге асыру үшін алдын ала барлық Банктерге шақыру жібереді және 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 107 "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасын іске асыруға қатысушы Банктерді іріктеуді мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырады:

1) Қарыз алушыға берілетін Кредит бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының деңгейі жылдық 17 (он жеті) пайыздан аспауы тиіс;

2) Қарыз алушының және жобаның қысқаша сипаттамасын қамтитын Қарыз алушылар өтінімдерінің қалыптасқан портфелінің болуы;

3) Банктің ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындармен оң жұмыс тәжірибесі;

4) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бұрын алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы;

5) іріктеу өткізілетін күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - Уәкілетті орган) пруденциалдық нормативтерін сақтауы;

6) Уәкілетті орган белгілеген жарғылық және меншікті капиталдары ең төменгі мөлшерінің лимиттерін сақтауы;

7) филиалдық және/немесе корреспонденттік желілердің болуы.

Көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 107 "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасын іске асыруға Банктерді қатыстырмауға негіз болып табылады.

7. Бағдарлама әкімшісі осы Ереженің 6-тармағының 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген талаптарға Банктің сәйкестігін тексеру үшін жазбаша сұрау салумен Уәкілетті органға жүгінеді.

8. 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 107 "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасын іске асыруға қатысу үшін Банктерді іріктеуді жүзеге асырудың тәртібін, сондай-ақ әрбір лот бөлінісінде қатысушылар айқындаған Банктердің тізбесін Бағдарлама әкімшісі бекітеді.

9. Лоттар бойынша Қаражатты, сондай-ақ әрбір Банктің лоттағы үлесін бөлуді Бағдарламаның әкімшісі осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін ретінде Бағдарламаның әкімшісі қабылдаған, әрбір лот бойынша Қарыз алушыларға беруге жататын Кредиттер бойынша сыйақылардың сомасына тура үйлесімді түрде жүргізеді.

10. Банкілер Қарыз алушыларды оларға қойылатын мынадай талаптарды ескере отырып, дербес айқындайды:

- 1) Қазақстан Республикасының резиденті;
- 2) Қарыз алушының қаржылық тұрақтылығы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ Банк бұрын берген кредиттер бойынша берешегінің болмауы;
- 3) негізделген бизнес-жобаның болуы;
- 4) өнеркәсіптік технологиялар мен жабдықтарды пайдалануы;
- 5) өндіріске ұсынылатын өнім үшін өткізу нарығының болуы және оның сыйымдылығы;
- 6) отандық тауар өндірушіден өндірістік мақсаттарға қажетті ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алуы.

11. Қарыз алушыға осы Ережеге сәйкес Банкке (Банктерге) Субсидиялау жүзеге асырылатын бір ғана Кредит берілуі мүмкін.

12. Республикалық бюджеттен берілетін Субсидиялау сомасы он екі айға дейін мерзімге берілген Кредит бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының 80%-ына дейінін құрайды, оның сомасы 150000000 (бір жүз елу миллион) теңгеден аспауы тиіс. Бұл ретте кредиттің пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігінің үлесі барлық Қарыз алушылар үшін тең болуы тиіс.

13. Іріктеудің қорытындысы бойынша Бағдарлама әкімшісі қатысушы Банктердің тізбесін бекіткен күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Банктер Қарыз алушыларға Кредиттер береді.

14. Қарыз алушыларға Банктер кредиттерді бергеннен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде Бағдарлама әкімшісі мен Банктер арасында Қаражат аудару тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін, Қарыз алушылардың тізбесін және өзге де шарттарды көздейтін Субсидиялауға арналған шарттар жасалады.

15. Бағдарлама әкімшісіне Қаражат бөлу кейіннен оларды Банктің есеп шотына аудару үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

16. Бағдарлама әкімшісі Субсидиялауды Банкке мынадай тәртіппен:

2004 жылы есептелуге жататын сыйақы бойынша - тоқсан сайын аванстық төлеммен;

2005 жылы есептелуге жататын сыйақы бойынша - 2004 жылдың желтоқсан айы ішінде аванстық төлеммен аударылады.

17. Субсидиялау Бағдарлама әкімшісі мен Банктер арасындағы Субсидиялауға арналған шарттың талаптарына сәйкес Банк Бағдарлама әкімшісіне республикалық

бюджеттен Банктің есеп шотына қаражат аударуға арналған өтінімнің бағдарламасын ұсынған кезде төленеді.

4. Қорытынды ережелер

18. Қарыз алушы Банкке сыйақы (мүдде) төлеу жөніндегі міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтатқан немесе Қарыз алушы кредиттік шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда Банк бес күнтізбелік күн ішінде Бағдарлама әкімшісіне осы туралы хабарлауға міндетті. Осы жағдайда Субсидиялау Бағдарлама әкімшісіне көрсетілген жағдайлардың басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап тоқтатылады.

19. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес Субсидиялау ретінде алынған Қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны үшін Банктер жауап береді.

20. Кредитті уақтылы және толық қайтару, Кредит бойынша сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны үшін Қарыз алушылар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес Банктердің алдында жауап береді.